«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

# ТАҚЫРЫБЫ: «Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің» атты сайыс

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Г.Д.Оразалы

2023жыл

**«Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің»**

**Мақсаты:** Балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу. Балалардың денесін шыңдап күш – қуатын нығайту,шапшаңдыққа,ептілікке тәрбиелеу. Балаларды ойын арқылы ақыл-ойының толысып өсуіне ықпал жасау. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын дамыту. Дене шынықтыру сабақтарына қызығушылығын арттыру. Дене тәрбие процестеріндегі сауықтыру міндеттерін жүзеге асыру.

Өтілетін орын: Муз залы

Қажетті құралдар: Тақтайшалар,Түрлі-түсті шариктер, кеглилер,доптар, шығыршық.

Құрметті әріптестер, балабақша тәрбиеленушілері және спорт сүйер қауым. Бүгін біз ерекше балаларға арналған «Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің» атты шарамызды өткізгелі отырмыз.

**Сергіту сәті:** Клеп-снэп

**Жалпы дамыту жаттығулары:** Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, құм салынған қапшықтың үстімен, жерде жатқан таяқшалардың үстінен жүріп өту.

**Қимылдық ойын: «Кім шапшаң»**

Шарты: Жерде жатқан таяқшалардың үстінен секіріп өтіп, түрлі-түсті шарикті орнын ауыстыру.

**Қимылды ойын: «Дәл тигіз»**

Шарты: Әр қатысушы шығыршықтың ішінде тұрып, допты мәреде тұрған кеглиге тигізу.

**«Кең – Дем»**

Шарты: Балалар жерде жатқан шығыршықтардың ішінде шариктерді үру арқылы дем шығарады.

**Қорытынды бөлім**

Бүгінгі сайысымыз осымен аяқталды. Бүгінгі сайысқа қатысқан бүлдіршіндерімізге алғысымды білдіреміз.




